



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы «24» шілде

№ 437-Ө

«24» июль 2025 года

«2025-2026 оқу жылына арналған жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен тамақтандыру жүзеге асырылатын мектептердегі перспективалық төрт апталық маусымдық мәзірді бекіту туралы»

Павлодар облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 144/2 қаулысымен бекітілген «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ереженің 24-тармағының 10) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 бұйрығының 3-тарауының 64, 65-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «Үлгілік перспективалық мектеп мәзірін бекіту туралы» № 135-НҚ бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Перспективалық төрт апталық маусымдық мәзір осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Облыс денсаулық сақтау басқармасының АБҚБ бөлімі осы бұйрықты Павлодар облысының «Білім басқармасы» ММ-не, меншік нысанына қарамастан алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына жеткізсін.

3. Медициналық ұйымдардың басшылары осы бұйрықты білім беру ұйымдарындағы медициналық кабинеттер қызметкерлерінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары м.а. Г.Қ. Жармакинаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негіздеме: ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 135-НҚ бұйрығы.

Басқарма басшысы

И.Шаметеков

Муслимова, 329035

